

Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 398 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 қаңтарда № 10112 тіркелді.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2014 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 398 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі міндеті әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды айқындау болып табылады.

2. Осы Қазақстан Республикасы әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуі жөніндегі нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) әділет органдарының қолданыстағы заңнамада бекітілген әкімшілік құқық бұзушылық айқындау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу, процестік шешімдерге дау айту және процестік әрекеттерге шағым жасау, орындау, сондай-ақ тиісті іс жүргізуді ұйымдастыру бойынша нақтылайды.

3. Нұсқаулық "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленді.

Осы Нұсқаулықпен реттелмеген бөлігінде Кодекстің нормаларын басшылыққа алу қажет.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды:

соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша (Кодекстің 158, 214, 462, 467, 668-баптары);

әділет органдарының қарауына енгізілген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша (Кодекстің 230-бап (екінші бөлігі) (осы бұзушылықтарды жекеше нотариустар жасаған кезде), 457, 459, 466, 468, 491, 670, 671, 672-баптар) әділет органдарының соған уәкілетті лауазымды тұлғалары жасайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Әкімшілік жауапкершілікке:

1) әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға;

2) заңды тұлға тартылады.

Кодекстің ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін, егер осы құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқпаса, әкімшілік жауапкершілік туындайды.

6. Лауазымды адам өз қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мұндай мән-жай болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылыққа жатады.

Осы Нұсқаулықта әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған не әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде мемлекеттік мекемелерде, квазимемлекеттік сектордың субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын немесе орындаған адамдар – лауазымды адамдар деп танылады.

7. Тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатпайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдану мерзімінің өтуі сараптама тағайындалған, сондай-ақ істі сот инстанцияларына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген мемлекеттік органның лауазымды адамына жіберген кезден бастап тоқтатыла тұрады.

Бұл мерзімдерді есептеу сараптама қорытындыларын алған кезден қайтадан басталады.

Құқық бұзушының әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, тұлға оны тоқтату туралы шешім келіп түскен күннен бастап үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

8. Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде тұлға әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

Кодекстің Ерекше бөлігінің бабында көзделген белгілі бір іс-әрекеттің бірыңғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және оны анықтаған кезде аяқталмаған құқық бұзушылық созылып кеткен құқық бұзушылық деп танылады.

2-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға:

уәкілетті лауазымды адамның Кодекстің 802-бабының үшінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін тікелей анықтауы;

құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар;

жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар себеп болып табылады.

Кодекстің 741-бабында көзделген істер бойынша іс қозғалмаған мән-жайлар болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіздеме болады.

10. Әкімшілік іс жүргізуді әділет органының лауазымды тұлғасы жүргізген кезде әкімшілік іс жүргізу жөніндегі құжаттамада Кодекстің нормасына сілтеме жасалады.

11. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасалған немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы прокурор қаулы шығарған кезден бастап әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған болып саналады.

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада:

оның жасалған күні мен орны;

хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні;

іс қозғалған тұлға туралы мәліметтер (жеке тұлғалар үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, айы, жылы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, жұмыс орны, абоненттік

телефон нөмірі, факсі, ұялы байланыс және (немесе) электрондық мекенжайы (егер ол бар болса); заңды тұлғалар үшін - атауы, тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу (қайта тіркеу) нөмірі және тіркелген күні, сәйкестендіру нөмірі және банктік реквизиттері, абонементтік нөмірі, факсі, ұялы байланысы және (немесе) электрондық мекенжайы (бар болған кезде);

әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні;

Кодекстің 2-бөлімі ерекше бөлімінің аталған құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін бабы; егер олар бар болса, куәлардың және жәбірленушілердің аты-жөні (бар болса), мекенжайы;

өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның не заңды тұлғаның заңды өкілінің түсініктемесі; егер ол әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және белгілеу үшін пайдаланылған болса, метрологиялық тексерудің атауы, күні, техникалық құралдың көрсеткіші;

істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін растайтын құжаттар қоса беріледі.

13. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде іс жүргізу тілі белгіленеді. Іс қозғалған жеке адамға, сондай-ақ іс жүргізудің басқа да қатысушыларына олардың Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

14. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және Кодекстің 803-бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, жүргізілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысты адам (оның өкілі) қол қояды. Жәбірленушілер мен куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайда хаттамаға сол адамдар да қол қояды.

15. Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, тиісті түрде хабарланған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам жоқ болған немесе келмеген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның жоқтығы немесе келмеуі туралы белгі қоя отырып, оны толтырған адам қол қояды.

16. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөнінде хаттамаға қол қойып қабылдаудан бас тартқан жағдайда, хаттамаға оны толтырған адам тиісті жазба жазады.

17. Оған қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен танысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Аталған адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме беруге және ескерту жасауға, сондай-ақ оған қол қоюдан өзінің бас тарту себебін баяндай алады, олар осы хаттамаға қоса тіркеледі. Бұл адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады. Оған қатысты іс қозғалған жеке адамның хаттамаға қол фактісі ол адамның хаттамамен танысқанын

куәландырады және оның әкімшілік құқық бұзушылықты жасау кінәсін тану деп табылмайды.

18. Осы Нұсқаулықта көзделген жағдайларды қоспағанда, оған қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесі қол қойылып дереу тапсырылады.

19. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама Кодекстің 803-бабының бесінші және алтыншы бөліктерінде көзделген негіздер бойынша өзіне қатысты іс қозғалған адам болмаған кезде жасалған жағдайда, ол өзіне қатысты іс қозғалған адамға хабарлана отырып, тапсырыс хатпен почта арқылы жіберіледі. Хаттаманы өзіне қатысты іс қозғалған адам алған сәттен бастап бір тәулік ішінде қайтармау фактісі оған қол қоюдан бас тартты деп танылады, ол туралы хаттаманың көшірмесіне тиісті жазба енгізіледі.

20. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасалу фактісі анықталғаннан кейін дереу жасалады.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізілген тексеру барысында әкімшілік құқық бұзушылық анықталған кезде тиісті тексеру аяқталғаннан кейін дереу әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалынады.

21. Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның өз басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның заңды өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама аталған мән-жайлар анықталған күннен бастап үш тәулік ішінде жасалады.

22. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама (прокурордың қаулысы) қарау үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілдік берілген судьяға, органға (лауазымды адамға) жасалған кезден бастап үш тәулік ішінде жіберіледі.

3-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қабылдау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Құқық бұзушылық жасалған жерде не Кодекстің 785-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде табылған құқық бұзушылық құралы не нысанасы болып табылатын құжаттар мен заттарды алып қоюды іс жүргізуді қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолдануға уәкілетті лауазымды адамдар екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырады.

Ерекше жағдайларда (жету қиындық тудыратын жерлерде, тиісті қатынас құралдары болмаған кезде немесе басқа да объективті себептерге байланысты жеке

тұлғаларды куәгерлер ретінде тартуға мүмкіндік болмағанда) құқық бұзушылық жасалған орында табылған құқық бұзушылық құралдары болатын не Кодекстің 785-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде құжаттар мен заттарды алып қою куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ бұл ретте оның барысы мен нәтижелерін айғақтап көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізілуі мүмкін.

24. Заттар мен құжаттарды алып қою туралы хаттама жасалып, оның көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға немесе оның заңды өкіліне тапсырылады, не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

25. Құжаттар мен заттарды алып қою туралы хаттамада (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада) алып қойылған құжаттардың түрі мен реквизиттері, алып қойылған заттардың түрі, саны, өзге де тақылеттестік белгілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

26. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, тиісті құжаттар мен заттар алып қойылған адам, куәлар қол қояды. Өзінен тиісті құжаттар мен заттар алып қойылған адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, хаттамаға тиісті жазба жасалады.

27. Алып қойылған заттар мен құжаттар тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін алып қоюды жүргізген лауазымды адам белгілейтін орындарда сақталады.

28. Іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе сатылады, немесе сақталады, немесе белгіленген тәртіппен жойылады.

29. Заңды тұлғаға тиесілі, әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдары не нысанасы болған тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша, іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның өкіліне оларға билік етуге (ал қажет болған жағдайларда пайдалануға да) тыйым салу туралы хабарлана отырып, көрсетілген тауарлардың, көлік құралдарының және өзге де мүліктің тізімдемесін білдіреді және егер осы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті алып қою мүмкін болмайтын және (немесе) олардың сақталуын алып қоюсыз қамтамасыз ету мүмкін болатын жағдайда қолданылады. Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік тыйым салған лауазымды адам тағайындаған басқа тұлғаларға жауапкершілікпен сақтауға берілуі мүмкін.

30. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салуды тауар, көлік құралы және өзге де мүлік иесі мен екі куәгердің қатысуымен Кодекстің 804-бабының бірінші бөлігінде аталған, осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдар жүзеге асырады.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу олардың иесінің қатысуынсыз жүзеге асырылуы мүмкін.

31. Қажет болған жағдайларда фото- және кинотүсірілім, бейнежазба қолданылады.

32. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттама жасалады. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, тегі мен аты-жөні, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлға туралы және иелігінде тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлкі бар тұлға туралы мәліметтер, олардың тізімдемесі және тақылеттестік белгілері көрсетіледі, сондай-ақ фото- және кинотүсірілімдері, бейнежазбалар қолдану туралы жазба жасалады. Фото- және кинотүсірілімдер, бейнежазбалар қолданылып, тыйым салуды жүзеге асыру кезінде алынған материалдар хаттамаға қоса беріледі.

Қажет болған жағдайларда тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік оралады және (немесе) оларға мөр басылады.

Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның өкіліне тапсырылады.

33. Заңды тұлғаға тиесілі, тыйым салынған тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның не тыйым салынған мүлікті сақтауды жүзеге асыратын тұлғаның иеліктен шығаруы немесе жасыруы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

4-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу, егер құқық бұзушылық фактісін лауазымды адам оның жасалу орнында анықтаса, Кодекстің 44-бабы бірінші бөлігінің бірінші абзацына сәйкес ол үшін айыппұл түрінде әкімшілік жаза көзделген, оны жасаған, өз кінәсін мойындаған жеке тұлға анықталған және салынған айыппұл мөлшерімен келіскен жағдайларда жүзеге асырылады.

35. Әкімшілік құқық бұзушылық табылған және оны жасаған тұлға белгіленген кезде, лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы оның жасалу орнында жасайды және тұлғаға көрсетілген айыппұл сомасының елу пайыз мөлшеріндегі айыппұлды жеті тәулік ішінде төлеу құқығын түсіндіреді.

Лауазымды адам тұлғаға "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы түбіртек нысанын

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 373 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 24 қыркүйекте № 9748 тіркелді) белгіленген үлгідегі түбіртекпен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін тапсырады.

36. Көрсетілген айыппұл сомасының елу пайыз мөлшеріндегі айыппұл жеті тәулік ішінде төленген жағдайда, іс мәні бойынша қаралды деп есептеледі.

37. Кодекстің 811-бабының бірінші бөлігінде көзделген құқық пайдаланылмаған немесе тиісінше пайдаланылмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

5-тарау. Әділет органдарының уәкілетті лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауы

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу саласындағы, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның басшысы мен олардың орынбасарлары, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әділет органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ аудандық және қалалық әділет бөлімшелерінің басшылары Кодекстің 230 (екінші бөлігі) (егер осы бұзушылықты жеке нотариус жасаса), 457, 468, 670, 671, 672 баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолданады.

Заңды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары Кодекстің 464 және 466-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және ескерту мен әкімшілік айыппұл жасау түріндегі әкімшілік жазаларды қолданады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша, ал о Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау ведомстволық бағыныстылығына жататын лауазымды адамның (уәкілетті мемлекеттік органның) орналасқан жері бойынша қаралады.

40. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде лауазымды адам мынадай:

істің қаралу уақыты мен орнын тағайындау туралы;

іс бойынша адамдарды шақыру, қажетті қосымша материалдарды талап етіп алдыру туралы, қажет болған жағдайда сараптама тағайындау туралы;

істі қарауды кейінге қалдыру туралы;

егер осы істі қарау құзыретіне жатпаса не лауазымды адамға қарсылық білдіру туралы ұйғарым шығарылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын ведомстволық бағыныстылығы бойынша қарауға беру туралы;

Кодекстің 812-бабына сәйкес істі мәні бойынша қарауға беру туралы;

Кодекстің 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде іс жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдайды

41. Қарауына әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс берілген лауазымды адам, егер бұл тұлға:

жауаптылыққа тартылып отырған тұлғаның немесе жәбірленушінің, олардың өкілдерінің, қорғаушының туысы болып табылған;

істің шешілуіне жеке басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болған жағдайларда, аталған істі қарай алмайды.

42. Өздігінен бас тарту немесе, қарсылық білдіру туралы мәлімдеме жоғары тұрған лауазымды адамға беріледі, ол келіп түскен күннен бастап бір тәулік ішінде қаралады.

Өздігінен бас тарту не қарсылық білдіру туралы мәлімдемені қарап, жоғары тұрған лауазымды адам, мәлімдемені қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

43. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде орган (лауазымды адам) мынадай:

1) істің қаралу уақыты мен орнын тағайындау туралы;

2) іс бойынша адамдарды шақыру, қажетті қосымша материалдарды талап етіп алдыру туралы, қажет болған жағдайда сараптама тағайындау туралы;

3) істі қарауды кейінге қалдыру туралы;

4) егер осы істі қарау құзыретіне жатпаса не судьяға, лауазымды адамға қарсылық білдіру туралы ұйғарым шығарылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын ведомстволық бағыныстылығы бойынша қарауға беру туралы;

5) Кодекстің 812-бабына сәйкес істі мәні бойынша қарауға беру туралы;

6) Кодекстің 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде іс жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген шешімдер ұйғарым түрінде шығарылады.

Осы тармақтың 6) тармақшасында көзделген шешім қаулы түрінде шығарылады.

44. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар (лауазымды адамдар) іс жүргізуде нақ сол бір адамға қатысты қозғалған екі

және одан көп істің барын анықтай отырып, бұл істерді бірге қарау үшін бір іс жүргізуге біріктіруі мүмкін.

Кодекстің 744-бабының төртінші бөлігінде, 746-бабының алтыншы бөлігінде және 754-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда жауаптылыққа тартылып отырған тұлғаның, оның өкілінің, куәнің дәлелсіз себептермен келмеуіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қайта қарауға әзірлеу кезінде істі қарайтын орган (лауазымды адам) аталған адамдарды күштеп әкелу туралы ұйғарым шығаруға құқылы.

45. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер істі қарауға құқылы орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын алған күннен бастап он бес тәулік ішінде қарайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтінішхаттар түскен жағдайда не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажет болған кезде істі қарап жатқан орган (лауазымды адам) істің қаралу мерзімін ұзартуы, бірақ бір айдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін.

46. Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскенде:

істі кім қарайтынын, қандай іс қаралғалы жатқанын, кім және Кодекстің қандай бабының негізінде жауаптылыққа тартылып отырғанын хабарлайды;

әкімшілік жауаптылыққа тартылатын жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де тұлғалардың келгеніне көз жеткізеді;

іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және жеке тұлғаның заңды өкілдерінің немесе заңды тұлға өкілдерінің, қорғаушының өкілеттіктерін тексереді;

іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және аталған адамдар болмағанда істі қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

қажет болған жағдайларда істі қарау кезінде қатысуы міндетті болып табылатын адамды күштеп әкелу туралы ұйғарым шығарады, аудармашыны тағайындайды;

істі қарауға қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тегін заң көмегін алу құқығын түсіндіреді;

іс жүргізу тілін айқындайды, ана тілінде немесе өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам білетін басқа да тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде сөз сөйлеу, аудармашының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығын түсіндіреді;

мәлімделген бас тартуды және өтінішхаттарды шешеді;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, ал қажет болған кезде істің өзге де материалдарын жариялайды;

өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемелерін, іс жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың айғақтарын, маманның түсіндірмесін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге де дәлелдемелерді зерттейді, ал істі қарауға прокурор қатысқан жағдайда оның қорытындысын тыңдайды;

істі қарауды кейінге қалдыру туралы ұйғарымды: іс қарайтын лауазымды адамның, егер оған қарсылық білдіру істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, өздігінен бас тартуы немесе оған қарсылық білдіру туралы мәлімдеуге; егер қорғаушыға, уәкілетті өкілге, сарапшыға немесе аудармашыға қарсылық білдіру істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, көрсетілген қарсылық білдіруге; істі қарауға қатысатын адамдардың келуі немесе іс бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажеттігіне байланысты, сондай-ақ Кодекстің 51-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда шығарады;

Кодекстің 816-бабында көзделген жағдайларда істі мәні бойынша қарауға беру туралы ұйғарым шығарады.

47. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, орган (лауазымды адам) мынадай:

әкімшілік жаза қолдану туралы;

іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы;

істі осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін өзгеше түрде немесе мөлшерде жаза қолдануға құқылы судьяның, органның (лауазымды адамның) қарауына беру туралы, сондай-ақ Кодекстің 812-бабында көзделген басқа жағдайларда істі қарауға беру туралы қаулылардың бірін шығарады.

48. Әділет органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарау кезінде жеке және заңды тұлғаларға қолданылатын әкімшілік жаза түрлері:

ескерту жасау;

әкімшілік айыппұл;

әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;

қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 10.07.2018 № 1074 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Әкімшілік айыппұл негізгі әкімшілік жаза ретінде ғана қолданылады.

50. Әкімшілік айыппұл Кодекстің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын, әкімшілік

құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде қолданыста болған заңға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде ақша өндіріп алу.

51. Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады.

52. Егер адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, оларды сол бір орган (лауазымды адам) қараса, онда бұл адамға сол бір түрдегі жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін Кодексте белгіленген үш еселенген ең жоғары шектен асыруға болмайды.

53. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы:

Кодекстің 741-бабында көзделген іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болған;

Кодекстің 742-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болған жағдайларда шығарылады.

54. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда:

қаулы шығарған лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты-жөні;

істің қаралған күні мен орны;

өзіне қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, айы, күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін – атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, сәйкестендіру нөмірі және банк деректемелері;

қаралып жатқан іс бойынша іс жүргізу тілі;

Кодекстің әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін бабы;

істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар;

іс бойынша шешім;

қаулыға шағым жасаудың тәртібі мен мерзімдері;

айыппұлды ерікті түрде төлеу немесе әкімшілік жазаның өзге түрін орындау мерзімдері көрсетілуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы заңды және негізделген болуға тиіс.

55. Қаулы шығарған лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға қол қояды.

56. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы іс қаралып біткен соң дереу жарияланады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өзіне қатысты қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге, жеке тұлғаның заңды өкіліне, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған уәкілетті органға (

лауазымды адамға) қаулының көшірмесі ол жарияланған күннен бастап үш тәулік ішінде тапсырылады және (немесе) жіберіледі.

57. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке адамның немесе заңды тұлғаның заңды өкілдері, қорғаушы шағым бере алады, сондай-ақ прокурор наразылық келтіре алады.

6-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі заңды күшіне енбеген қаулыларды апелляциялық тәртіпте қайта қарау

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шағым іс бойынша қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) жіберіледі, ол шағым, наразылық түскен күннен бастап үш тәулік ішінде оларды істің барлық материалдарымен бірге жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) жіберуге міндетті.

59. Шағымды белгіленген мерзімде беру (әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым, наразылық қаулы көшірмесі тапсырылған күннен бастап он күн ішінде берілуі тиіс) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын шағым қаралғанға дейін тоқтата тұрады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым, наразылық келіп түскен күннен бастап он күн ішінде қаралуға жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іске қатысушылардан өтініш келіп түскен не істің мән-жайын қосымша анықтау қажет болған жағдайда шағымды, наразылықты қарау мерзімін істі қарайтын жоғары орган (лауазымды тұлға) он күннен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Орган (лауазымды адам) азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік іс жүргізуде қаралатын басқа іс шешілгенге дейін шағымды (наразылықты) қарау мерзімін оны қарау мүмкін болмағанда тоқтата тұруға міндетті. Мерзімді ұзарту туралы дәлелді айқындама шығарылады.

60. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағымды, наразылықты қарауға дайындық кезде жоғары орган (лауазымды адам):

іс бойынша іс жүргізудің ерекше мән-жайларын анықтайды;

өтініш жасауға рұқсат береді, қосымша материалдарды талап етеді, шағымды, наразылықты қарау үшін қатысуы қажет болып танылған адамдарды шақырады;

егер шағымды, наразылықты қарау оның құзыретіне жатпайтын болса, оларды істің барлық материалдарымен бірге ведомстволық бағыныстылығы бойынша жібереді.

61. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағымды, наразылықты қарау кезінде іс және қосымша ұсынылған материалдар бойынша

шығарылған қаулының заңдылығы мен негізділігі тексеріледі. Жоғары орган (лауазымды адам) шағымның, наразылықтың дәлелдемесімен байланысты болмайды және істі толық көлемде тексереді, сонымен бірге ол жаңа фактілерді белгілеп, жаңа айғақтарды зерттей алады.

62. Шағымды, наразылықты қарау шақырылған адамдардың келмеуімен, іс бойынша қосымша материалдарды талап етумен, сараптама тағайындаумен байланысты және шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және объективті қарау үшін қажет болған басқа жағдайларда кейінге қалдырылуы мүмкін.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым бір уақытта сотқа және жоғары органға (лауазымды тұлғаға) келіп түскенде, шағымды сот қарайды.

63. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағымды, наразылықты қарап, жоғары орган (лауазымды адам) келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

қаулыны өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттанарлықсыз қалдыру туралы;

қаулыны өзгеріссіз қалдыру туралы;

қаулыны жою және Кодекстің 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайлар, сондай-ақ қаулыны шығаруға негіз болған мән-жайлар дәлелденбеген кезде істі тоқтату туралы;

қаулыны жою және іс бойынша жаңа қаулыны шығару туралы;

қаулыны жою және істі бағыныстылығы бойынша қарауға жіберу туралы, егер шағымды, наразылықты қарау кезінде қаулыны құқылы емес орган (лауазымды адам) шығарғаны белгіленген болса.

64. Шағымды, наразылықты қарау нәтижесі жөнінде шешім іс бойынша қаулыға шағым, наразылық бойынша қаулы түрінде шығарылады. Қаулыда Кодекстің 822-бабының бірінші бөлігінде (қаулының мазмұнды бөлігі) көрсетілген мәліметтер қамтылуы тиіс.

65. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыны жоюға не өзгертуге және қаулы шығаруға негіз болып табылады:

органның (лауазымды адамның) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда айтылған істің нақты мән-жайлары туралы қорытындысына шағымды, наразылықты қарау кезінде зерттелген айғақтардың сәйкес келмеуі;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңды дұрыс қолданбау;

Кодекстің іс жүргізушілік нормаларының елеулі бұзылуы;

қаулымен қолданылған әкімшілік жазаның жасалған құқық бұзушылықтың сипатына, айыптының тұлғасына сәйкес келмеуі.

66. Жоғары орган (лауазымды адам) шағымды, наразылықты қарау кезінде зерттелген айғақтарды бағалай отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

бойынша қаулыда белгіленбеген немесе қаулыны шығарған орган (лауазымды адам) назарға алмаған фактілерді дәлелденген деп тани алады.

67. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым, наразылық бойынша қаулы оны шығарғаннан кейін дереу жарияланады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым, наразылық бойынша қаулы көшірмесі оны шығарғаннан кейін үш күндік мерзімде іс бойынша қаулы шығарылған лауазымды адамға, наразылық білдірген прокурорға тапсырылады немесе жіберіледі.

Әкімшілік қамаққа алу туралы іс жөніндегі қаулыға шағым, наразылық бойынша қаулы қаулыны орындайтын органның (лауазымды адамның), сондай-ақ қаулыны шығаратын күні – оған қатысты қаулы шығарылған адамның назарына жеткізіледі.

7-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі заңды күшіне енген қаулыларды және шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижесі бойынша оларға жаңадан ашылған мән-жайлар жөніндегі қаулыларды қайта қарау

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі қаулылар және шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижесі бойынша қаулылар жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін.

69. Жаңадан ашылған мән-жайлар жөніндегі қаулыларды қайта қарау үшін: іс үшін құқық бұзушыға белгісіз болған және белгілі болуы мүмкін болмаған елеулі мән-жайлар;

заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген куәгердің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу жалған аударма, әкімшілік құқық бұзушылық туралы жалған хаттама, заңсыз не негізсіз қаулы шығаруға әкеп соғатын жалған құжаттар не заттай айғақтар;

заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі іс жүргізуге қатысушылардың, іске қатысушы басқа адамдардың не олардың өкілдерінің немесе осы істі қарау кезінде жасалған уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қылмыстық іс-әрекеттері;

соттың шешімін, үкімін, ұйғарымын немесе қаулысын не өзге мемлекеттік органның (лауазымды адамның) осы қаулыны шығаруға негіз болған құқықтық актісін жою;

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе қолданылған заңды немесе өзге нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тануы негіз болып табылады.

70. Заңды күшіне енген қаулыны жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот, уәкілетті орган (лауазымды адам) қайта қарайды. Сот органның (лауазымды адамның) қаулысын қайта қараған және оны өзгеріссіз қалдырған жағдайда жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауды осы шешімді шығарған сот жүзеге асырады.

71. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыны қайта қарау туралы өтінішті оның нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды сақтаумен іс жүргізуге тиісті орган (лауазымды адам) қабылдайды. Өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы мәселе ол келіп түскен күннен бастап үш күн ішінде шешіледі.

Өтінішті іс жүргізуге қабылдау туралы өтініштерді қарау бойынша отырыстың күні мен өткізілетін орны көрсетілген ұйғарым шығарылады.

72. Уәкілетті органның лауазымды адамы өтініш берушінің жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыны қайта қарау туралы берген өтінішін қайтарады, егер оны іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешу кезінде:

өтініш Кодекстің 855-бабында белгіленген ережелерді бұзумен берілгендігі;

өтініш белгіленген мерзім өтіп кеткеннен кейін берілгендігі және оны қайтадан қалпына келтіру туралы өтініштің болмағандағы немесе өтініш берудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтіруден бас тартылғандығы;

өтініштің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптардың сақталмағандығы белгіленген болса.

Өтінішті қайтару туралы ұйғарым шығарылады. Ұйғарымның көшірмесі өтініш берушіге өтінішпен және онымен қоса берілетін құжаттармен бірге ұйғарым шығарылған күннен кейін келесі күннен кешіктірмей жіберіледі. Өтінішті қайтару туралы ұйғарымға шағымдануға, наразылық білдіруге болады.

73. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыны қайта қарау туралы өтінішті орган (лауазымды адам) отырыста қарайды. Өтініш берушіге және іске қатысушыларға отырыстың уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі өтінішті қарауға кедергі болып табылмайды.

74. Орган (лауазымды адам) жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыны қайта қарау туралы өтінішті қарап, өтінішті қанағаттандырады және қаулыны жояды не қайта қараудан бас тартады.

75. Органдардың (лауазымды адамдардың) жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыны жою туралы және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыны қайта қарау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдеріне шағымдануға және белгіленген тәртіппен наразылық білдіруге болады.

76. Қаулы жойылған жағдайда істі Кодексте белгіленген ережелер бойынша орган (лауазымды адам) қарайды.

8-тарау. Әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулыларды орындау

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы:

егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, оған шағым беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін;

шағым, наразылық бойынша қаулы шығарылғаннан кейін, сондай-ақ Кодекстің 839-бабында көзделген жағдайда қаулы шығарылғаннан кейін дереу;

Кодекстің 811-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда дереу заңды күшіне енеді.

78. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы заңды күшіне енген кезінен бастап орындалуға жатады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға енгізу қаулыны шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) жүктеледі. Қаулы оны орындатуға уәкілеттік берілген органға (лауазымды адамға) ол заңды күшіне енген күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі.

79. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны Кодексте белгіленген тәртіппен осыған уәкілеттік берілген органдар орындауға келтіреді.

80. Бір тұлғаға қатысты әкімшілік жазалар қолдану туралы бірнеше қаулы шығарылған жағдайда, әрбір қаулы дербес орындауға келтіріледі.

81. Тұлғаның әкімшілік жазадан жалтаруы, бұл жазаны заңнамаға сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен орындауға әкеп соғады.

82. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) осы қаулыны орындауға байланысты мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылау жүктеледі.

83. Қаулының көшірмесі өзіне қатысты қаулы шығарылған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ өзінің өтініші бойынша жәбірленушіге қолхатпен дереу тапсырылады. Аталған тұлғалар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі, бұл жөнінде істе тиісті жазба жүргізіледі.

84. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұлды қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс.

Айыппұл Кодекстің 888-бабында көзделгендей кейінге қалдырылған жағдайда, әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға кейінге қалдыру мерзімі өткен күннен бастап төлеуге тиіс.

85. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынған айыппұлды айыппұл салу туралы қаулыны шығарған, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама берген судьяны немесе органды (лауазымды адамды) жазбаша нысанда кейіннен хабардар ете отырып,

белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджетке жеке тұлға енгізеді немесе заңды тұлға аударды.

86. Айыппұл салу туралы қаулы немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама сот орындаушыларына айыппұл салу туралы қаулыны ерікті түрде орындау мерзімі өткеннен кейін он күн ішінде жіберіледі.

Айыппұл салу туралы қаулы немесе айыппұлды төлеу қажеттігі туралы нұсқама сот орындаушысына жіберілген кезде оған айыппұл сомасының мемлекет кірісіне түспегені туралы мәліметтер қоса беріледі.

9-тарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс қағаздарын жүргізу

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.03.2021 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Әкімшілік істерді тіркеу журналдары Әділет министрлігінің басшылығы, сондай-ақ аумақтық әділет органдарының бірінші басшылары белгілеген жауапты тұлғаларда сақталады.

Әкімшілік істерді тіркеу журналдары нөмірленеді, тігіледі және мөрмен расталады.

88. Есеп пен іс жүргізудің жағдайын бақылауды құрылымдық бөлімшелердің басшылары және аумақтық әділет органдарының басшылары жүзеге асырады.